

3

Медицина – жүрек пен жанның мамандығы



4

Өнерге құштар азамат





Сыр бойы

№191 (21067) 16 желтоқсан, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

- www.facebook.com/syrboyi.kz
- www.instagram.com/syrboyi_kz
- t.me/syrboyi_kz
- twitter.com/syrboyi

Тәуелсіздік күнін құтты болсын!



мүмкіндіктер секілді көптеген сын-қатермен бетпе-бет келді. Жаңа республика өте қиын әлеуметтік-демографиялық жағдайға тап болды. Қазақ мемлекеті осының барлығын еңсеріп, бүгінде орта держава атанып отыр.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ОРТА ДЕРЖАВА

ДЕНГЕЙДІ ЕҢСЕРУ ЖОЛЫ

Аймақтық «The Times of Central Asia» басылымы 2025 жылы Қазақ елі экономикасының ғана емес, сыртқы саясаттағы жетістігінің – әлемдік саясатта, халықаралық қатынастарда аса маңызды рөл атқарып отырғанын аркасында орта державаға айналғанын жазды.

Сарапшылар зерттеулерінде орта держава елдерін экономикалық қуаты, дипломатиялық ықпалы, стратегиялық әлеуеті мен тиімді басқару моделін ескере отырып бағалаған. Қазіргі әлемдік зерттеу нәтижелеріне сәйкес еліміз Орталық Азиядағы орта держава деңгейін лайықты бағиындаған. Өзбекстан да бұл мәртебеге үміткер болды. Ал Түрікменстан, Қырғызстан, Тәжікстан экономикалық тәуелділік пен институционалдық шектеулерге байланысты тізімге енгіген.

Елімізді Германияның Саясат және ғылымды зерттеу институты (SWP, Stiftung Wissenschaft und Politik) ресми сайтында жариялаған «Machtkonkurrenz und neue Allianzen – Trends der internationalen Politik» баяндамасында алғаш рет орта держава қатарына қосты. Баяндама авторлары: «Орта державалар – алпауыт елдер болмаса да, жаһандық саяси, экономикалық аренада айтарлықтай ықпалы бар мемлекеттер» деп анықтама береді. SWP мұндай елдердің қатарында Түркия, Израиль, Үндістан, Сауд Арабиясы мен Қазақстанды қоса алғанда 12 елді атап көрсетеді.

Неміс сарапшылары еліміздің экономикасы Орталық Азияның басқа мемлекеттерімен салыстырғанда ауқымды, әлемдегі ең ірі 50 экономиканың қатарына кіретінін айтады. Бұған қоса Қазақстан шетелдік инвесторлар көптеп тартылатын ел деп атап көрсетеді.

«Қақтығысушы елдер арасындағы диалогті жеңілдету – Қазақстанның сыртқы саясатының басымдылығына айналды»

Былтыр еліміз орта держава атанды. Әлемдік саяси ұйымдардың зерттеулерінде Орталық Азиядағы алғашқы ірі, ықпалды, тәуелсіз, экономикалық көрсеткіші жоғары жалғыз мемлекет ретінде танылды. Сарапшылар биыл да Қазақстан осы мәртебесін тиісті дәрежеде атқарып отырғанын айтады. Бұл – әрине, отыз жылдан аса уақыт бұрын құрылған тәуелсіз елдің айтулы жетістігі. Еліміз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында күрделі геосаяси жағдай мен шектеулі экономикалық мүмкіндіктер секілді көптеген сын-қатермен бетпе-бет келді. Жаңа республика өте қиын әлеуметтік-демографиялық жағдайға тап болды. Қазақ мемлекеті осының барлығын еңсеріп, бүгінде орта держава атанып отыр.

деп көрсетеді неміс сарапшылары. Олардың пікірінше, еліміз көршілес Ресей, Қытаймен тығыз қарым-қатынасты нығайта отырып, АҚШ, Еуропа, Азия елдерімен берік байланыс орнатуды мақсат тұтады. «Десе де ірі көршілері Қытай мен Ресейге тәуелділікті азайту үшін бұл ел АҚШ-пен қарым-қатынас орнатып, ЕО, Түркия, Жапония, Корея, Үндістанмен байланысын кеңейтті» делінген баяндамада.

Сондай-ақ баяндамаға сәйкес Қазақстан тарихи, рухани үндескен аймақ елдерімен де тығыз, достық байланысты сақтап отыр. Елдің Өзбекстанмен екіжақты қарым-қатынасы, Өзербайжанмен ынтымақтастығы үлгі боларлық. Ал Ресейдің энергия экспортына кедергі жасауы Қазақстанның Каспий теңізі арқылы әртарап-тандыру мүмкіндіктерін кеңейтті. 2024 жылы мамырда Қазақстан, Өзбекстан, Өзербайжан энергетикалық жүйелерін біріктіріп, ортақ шешім тапты. Бүгінде «Астана» халықаралық қаржы орталығы аймақтың қаржылық хабына айналды. Мұнда әлемнің 80 елінен 2 800-ден аса компания тіркелген, активтері 1 млрд доллардан асады. Қазақстан сонымен қатар Каспий-Орталық Азия бассейні мен түркі ынтымақтастығы аясындағы бірлескен жобаларды қолдап отыр.

Кенес одағының әлеуетті ядролық арсеналына қарамастан, Қазақстан бүкіл әлемде ядролық қарусыздану жолын таңдады. Елдің көпжақты сыртқы саясаты халықаралық конференциялар өткізуге, ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуге, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне мүшелікке өтуге мүмкіндік берді. Ең маңыздысы, мемлекетіміз орта державалардың негізгі аймақтық, халықаралық даулардағы медиатор рөлін атқарып отыр. Мәселен, еліміз Қырғызстандағы саяси шиеленісті босендетуге қатысып, Иранның ядролық мәселесі мен Сирия қалыңығы бойынша келіссөздерге бастамашылық жасады. Сонымен қатар Ресей мен Батыс арасындағы шиеленісті босендетуге әрекет етіп, өзін сенімді серіктес ретінде көрсетті.

2-бет

/// ФОРУМ

ӘКЕ ТАҒЫЛЫМЫ – ТӘРБИЕНІҢ ТІРЕГІ



Отбасы – шағын мемлекет. Сол шағын мемлекеттің басты тірегі – әке. Әке – шаңырақтың иесі, отбасының қорғаны, тәрбие мен берекенің бастауы. Осы орайда ер азаматтарға артылар жауапкершілік жүгі қашан да ауыр.

Кеше «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясында «Әке тағылымы – ұлт тәрбиесінің тірегі» тақырыбында облыстық әкелер форумы өтті. Аталған іс-шара отбасылық құндылықтарды нығайтуға, әкенің бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыруға, сондай-ақ, ұлттық тәрбие мен ұрпақ сабақтастығын кеңінен насихаттауға арналды.

Форумға облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет, қоғам белсенділері, ардагерлер, ата-аналар, жастар және әкелер кеңесінің мүшелері қатысты. Жиында «Әкелер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі облыс бойынша филиалының төрағасы, облыстық мәслихат депутаты Ержан Ескендір жүргізіп отырды.

Іс-шарада облыс әкімінің орынбасары мемлекет тарапынан отбасы институтын қолдауға бағытталған жүйелі жұмыстар жөнінде баяндап, әкенің отбасындағы орны мен қоғамдағы жауапкершілігіне айрықша тоқталды.

– Халқымызда «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер», «Жақсы әке – балаға қырық жыл азық» деген аталы сөздер тегін айтылмаған. Бұл – әкенің тек отбасының ғана емес, тұтас ұлттың рухани тірегіне айналатынын дәлелдейтін өмірлік

қағидалар. Әке ол – жауапкершіліктің, табандылықтың, ерліктің, сабырлықтың символы. Әке тәрбиесі – ел болашағының іргетасы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Берекеді әрі бақытты отбасы – қуатты елдің тірегі. Отбасындағы тәрбие – елдің ертеңге деген сенімді қадамы» деген болатын.

Президентіміздің бұл тұжырымдары бүгінгі форумның маңызымен үйлесіп, отбасының беріктігі мен ұрпақ тәрбиесінің сапасы – мемлекеттің кемел келешегін айқындайтын шешуші фактор екенін айқын аңғартады. Өйткені бақытты отбасы – тұрақты қоғамның, ал тұрақты қоғам – қуатты мемлекеттің негізі. Бүгінде өмірімізде аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының бастамасымен отбасы институтын нығайту, жас ұрпақтың рухани-аламгершілік санасын арттыру, ұлттық тәрбие құндылықтарын кеңінен насихаттау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Кейінгі үш жылдағы мәдениет пен руханият саласындағы серпінді жобалар – өскелең ұрпақтың саналы азамат болып қалыптасуына бағытталған маңызды бастамалар.

2-бет

/// ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ТАУАРЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ БАЗАСЫ ҚҰРЫЛАДЫ

ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында Қаржы вице-министрі Әсет Тұрысов пен Сауда және интеграция вице-министрі Әсет Нұсіпов келер жылы қаңтардан бастап іске қосылатын Тауарлардың ұлттық каталогі жайлы айтып берді, – деп хабарлайды Egemen.kz.

Тауарлардың ұлттық каталогі (ТҰК) мемлекеттік органдар мен бизнес пайдаланатын кез келген өнім туралы ақпараттың орталықтандырылған және сенімді көзіне айналады. ТҰК енгізу түрлі ведомстволар мен ұйымдардағы көптеген сан алуан анықтамалықты алмастырып, тауарларды сипаттау мен сәйкестендірудің бірыңғай мемлекеттік стандартын қамтамасыз етеді.

– Бүгінде елімізде әртүрлі рәсімдерде қолданылып келе жатқан көптеген анықтамалық пен каталогтар бар – мемлекеттік сатып алуға, кеден саласы мен таңбалау ісінде, статистикада, чек шығару және т.б. Бұл мәселені шешу үшін Тауарлардың ұлттық каталогін құруды қолға алдық. Ұлттық каталог GTIN/NTIN бірегей кодтары арқылы тауарларды түпкілікті сәйкестендіруді қамтамасыз етіп, барлық негізгі процеске: көтерме және бөлшек саудаға, кедендік декларацияларға, чектерге, электронды сауда алаңдарына, бюджетті жоспарлау мен атқаруға және т.б. жүйелерге қосылған деректердің үлгілі көзіне айналады, – деді Әсет Нұрланұлы.

Бұл ретте Қаржы вице-министрі біртұтас базаны енгізу тауарлардың бағасына әсер етпейтінін жеткізді. Себебі тауар карталарын тіркеу мен NTIN кодын беру процедурасы тегін. Сауда-саттық тоқтатылмайды – NTIN коды жоқ өнімге автоматты түрде уақытша ХТИН коды беріледі, оны бір ай ішінде NTIN-ге ауыстыру қажет.

МҰНАЙ ӨНДЕУ КӨЛЕМІ АРТАДЫ

Мұнай өндеу көлемі жылына 39 млн тоннаға жеткізіледі. Бұл туралы Энергетика министрі Ерлан Аққенжетов айтты, – деп хабарлайды Kazinform.

– Мұнай-газ саласындағы негізгі оқиға ретінде «Теніз» кен орнындағы Болашақ кеңейту жобасының толық аяқталуын атап өтуге болады. Үшінші буын зауытының іске қосылуы жыл сайын мұнай өндіру көлемін 12 млн тоннаға арттырып, ұлттық экономика үшін экспорттық валюталық түсімнің тұрақты және ұзақмерзімді көзін қамтамасыз етеді. Ішкі нарықты реттеу мақсатында біз батыл қадамдарға бардық. Бағаны әкімшілік жолмен белгілеуден бас тартылып, Президенттің либерализациялау жөніндегі Жарлығына сәйкес нарықтық механизмдерге көштік. Бұл шаралар саланы жүйелі қалпына келтіру үдерісін бастауға мүмкіндік беріп, ішкі нарықты отынмен тұрақты қамтамасыз етуге және тапшылық туындау қаупін жоюға жол ашты, – деді министр БАҚ өкілдеріне арналған брифингте.

Оның айтуынша, мұнай өндеу саласын 2040 жылға дейін дамытудың нақты өндірістік бағдары бекітілді. Жұмыс қуаттылықты арттыру, өнім сапасын жақсарту және ғылыми негізделген технологияларды енгізу сынды негізгі үш қағидатқа сүйенеді.

Ақпарат көздерінен

САПАЛЫ ЖОЛ ЖОЛАУШЫҒА ДА, ЖҮРГІЗУШІГЕ ДЕ КЕРЕК

Елімізде «Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» деп аталатын құзырлы мекеме бар. Орталық 6 жыл бұрын Президент Жолдауынан соң жұмысын бастады. Жолдауда Қасым-Жомарт Тоқаев республикадағы жолдардың сын көтермейтінін, сапасыз һәм жүрдім-бардым салынатынын қатаң ескерткен еді. Осыдан кейін жауапты сала етек-жеңін жинай бастады.

«Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» кәсіпорнының негізгі міндеті – республика аумағында салынып немесе жөнделіп, жанартудан өткен автожолдар сапасын сараптау. Жол қалай салынды, қалыңдығы, ұзындығы мен ені құжат бойынша сәйкес пе, асфальт құрамы, битум сапасы, бәрін-бәрін арнайы зертханада анықтап, қорытындысын береді. Аталған мекеменің біздің облыста филиалы бар.

«Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМК облыстағы филиалы жыл басынан бері өңірдегі 123 жол нысанына сараптама жүргізді. Филиал мамандары 935 рет жолға шығып, зерттеу жасады. Алынған 3141 сынаманың 966-сы нормативке сәйкес келмеді. Оның 358-і қайта қалпына келтірілді. Республикалық желі

бойынша 11 нысанға біздің қызметкерлер зерттеу жасаған, алынған 1049 сынаманың 345-і нормативке сәйкес келмеген. Қазір 241 сынама қайта қалпына келді, – дейді облыстық филиал директоры Нұрбол Абызбаев.

Басынның айтуынша, жергілікті жолдарда тексерілген 112 нысандағы 2092 сынаманың 621-і сапаға сай емес. Қазір мұның 117-сі қайта жөнделіп, сапасы талапқа сай дұрысталған.

Быыл «Қызылорда-Павлодар-Успенка-РФ шекарасы» («Қызылорда-Жезқазған» автобанының өңірдегі шекарасы) және облыс орталығындағы біркатар жол құрылысы бітіп, ел ілігіне пайдалануға берілгені белгілі.

– Өбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейін, яғни Тәуелсіздікке 25 жыл көшесі бойына автомобиль жолын салғанда біздің



Валюта бағамы: \$ 522,38 kzt

€ 612,60 kzt

₸ 6,54 kzt

Ауа райы: Сейсенбі

☀ 0°

☾ -4°

☀ -2°

☾ -9°

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ОРТА ДЕРЖАВА

ЖАҢА МӘРТЕБЕНІҢ ЖҮГІ

Еліміздің халықаралық мәселелерді шешуге қосқан үлесі мен орта держава ретіндегі жаңа рөлін сондай-ақ Француз халықаралық қатынастар институты (IFRI) ерекше атап өтеді. Сыртқы істер министрлігі де Абу-Дабиде өткен жыл сайынғы «World Policy Conference» жиынының басым бөлігі еліміздің жаңа мәртебесін талқылауға арналғанын мәлімдеген еді. IFRI президенті Тьерри де Монбриальдің пікірінше, Қазақстан «сыртқы саясаттағы тәсілдерді патенттеп қана қоймай», кейінгі жылдары орта держава ретінде түрлі халықаралық сын-қатерлерді шешуде белсенді қатысушы бола бастады. Монбриальдің бұл пікірі «Қазақстанның сыртқы саясаты неден негізделеді, елдер арасындағы шиеленістің күрт артқан дәуірінде әртүрлі геосаяси күш орталықтарымен оң қарым-қатынасты қалай сақтай алады, біздің еліміз жаңа мәртебеде, әсіресе қақтығыстарды реттеу мәселелерінде не істей алады?» деген сұрақтарға жауап береді.

Одан кейінгі пікірталас барысында егер мемлекеттер қандай да бір тарапты иеленуі керек болса, онда бәсекелестіктен гөрі ынтымақтастықты таңдау керек, оқшауланудан гөрі өзара әрекеттесу, заңсыздықтан гөрі құқықтың үстемдігі, нәтижесіз ойындардан гөрі өзара пайда мен жалпыға бірдей ұтыс тұжырымдамасы (win-win) болу керектігі ел ұстанымы екені айтылады. Бұған қоса Астананың БҰҰ-ны әлемдік даму мен қауіпсіздік мәселелерін шешуге арналған жалғыз жаһандық ұйым ретінде нығайтуды жақтағанын және жактайтыны аталып өтті.

Президент жанындағы ҚСЗИ Халықаралық қауіпсіздік бөлімінің бас ғылыми қызметкері Ерболат Сейлеханов геостратегиялық жағдайы, территория-сының көлемі, халқы, экономикалық әлеуеті, саяси ықпалы, әскери қуаты секілді сыртқы белгілерден басқа, еліміздің орта держава ретіндегі ең маңызды

1-бет

ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫ: ТОЗҒАН ЖАҢАРАДЫ, ЕСКІ ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

Облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов теміржол вокзалдарындағы құрылыс жұмыстарының барысымен танысты.



Алдымен Қазалы теміржол вокзалын күрделі жөндеуді және жаяу жүргіншілерге арналған көпір құрылысын көрді. «Қазақстан Темір Жолы» ҰҚ» АҚ қаржыландырылған жоба бойынша ғимараттың іргетасы мен қабырғасы нығайтылып, шатыры ауыстырылып, есік-терезелері жаңартылуда. Жолаушыларға арналған күту залдары заманауи талаптарға сай жабдықталып, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы жағдай жасалмақ.

Арал тегізі және Сексеуіл вокзалдарының орнына жаңа ғимараттар бой көтеруде. Бұған дейін ескісін күрделі жөндеуден өткізу жоспарланған. Алайда іргетасы мен қабырғалары тозғандықтан, жөндеу тиімсіз деп танылды. «Техоснастка-Ремсервис» серіктестігі қабырғасын қалап, бетон орнату, терезе салу және ішкі әрлеу

АРАЛДАҒЫ АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС

Облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жахановтың жұмыс сапары Арал ауданында жалғасып, аудан әкімі Аманжол Оңғарбаевпен бірге құрылыс нысандарын аралады.

Алдымен «Арал-Сарыбұлақ» топтық су құбырына қосылатын «Арал-Токабай-Абай» тармағындағы ауылдарда атқарылған жұмыстарды көрді. Жоба құны – 8,2 млрд теңге, бас мердігер «Сапа құрылыс – 2007» ЖШС жұмысты 2021 жылы бастаған.

Сапар кезінде Б.Жаханов әлеуметтік осал топқа арналған тұрғын үй құрылысын да көрді. Ауданда 30 тұрғын үй салынуда. Бюджеттің 2,2 млрд теңге қаржысына салынған баспаналарға тұрғындар жыл басында қоныстанған болатын. Биыл да бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда, 60 пәтер сатып алуға 900 млн теңге қаралған.



жұмыстарын жүргізуде.

Сексеуіл вокзалының жолаушылар перронын абаттандыруға қажетті материалдар жеткізілген, қабырғаларды сылау, еденін қую, терезелер орнату және электр желісін тарту жұмыстары атқарылуда.

Жосалы вокзалында да жұмыс қызу. «Р и А Сервис ЛТД» серіктестігі 1904 жылы салынған ғимараттың фасадын минвата және травертинмен қаптап, жұмыстың 95%-ын аяқтаған. Шатыр жаңартылып, электр жүйесінің 90%-ы тартылған.

Жалағаш пен Теренөзек вокзалдарындағы құрылыс алаңында техника мен жұмыс күші жеткілікті, қабырға қаланып бітуге жақын.

Жоба жолаушыларға жайлы жағдай жасап, аудандардың инфрақұрылымдық дамуына серпін бермек.

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

СӘУЛЕТТІ ҒИМАРАТТАР ҚАТАРЫ ТОЛЫҚТЫ

Облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов қала аумағындағы құрылыс нысандарын аралау барысында алдымен «Достық үйінде» болды. Ғимарат жақын аралықта пайдалануға беріледі.

Қазір құрылысшылар ішкі және сыртқы абаттандыру жұмыстарына кіріскен. Жалпы нысан ішінде кеңселер, холл, фойе, ресепшн, гардероб, 200 орындық үлкен зал және 60 орындық кофейня болады. Жиындар мен басқосуларға арналған конференц-зал заманауи техникалармен жабдықталмақ. Сондай-ақ би студиясы, музыка және вокал кабинеттері, клуб, қойма, архив



ӘКЕ ТАҒЫЛЫМЫ – ТӘРБИЕНІҢ ТІРЕГІ

Аймағымызда бірқатар мәдени-ағартушылық орталықтардың ашылуы, жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға арналған коворкинг алаңдары мен шығармашылық орталықтарының құрылуы – ұрпақ тәрбиесіне жасалған ұзақ мерзімді инвестиция.

Ардақты әкелер! Халық даналығында «Әкенің берген тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды» деген терең мағыналы тәмсіл бар. Осыны негізге ала отырып, «Адал адам», «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан» сынды елдік ұстанымдар мен мемлекеттік идеологияны қоғамда орнықтыру – Сіз бен біздің, әкелер қауымдастығының абыройлы міндеті, ұрпақ алдындағы зор жауапкершілігі әрі айрықша мәртебесі деп білемін, – деді М.Шермағанбет.

Форум аясында еліміздің мақтанышы, бокстан Әлем чемпионатының қола жүлдегері, Азия чемпионатының алтын жүлдегері Тұрсынбай Құлахметтің әкесі Молдахмет Байменов өз өмірлік тәжірибесі мен отбасылық өнегесі туралы ой бөлісті. Сонымен қатар «Сыр медиа» ЖШС бас дирек-

1-бет

торы Марат Аралбаев ұрпақ тәрбиесіндегі өмірлік тәжірибе мен әке өнегесінің маңызын кеңінен тарқатып, жас буынды ұлттық құндылықтарға, еңбекқорлық пен жауапкершілікке баулуда әкелер институтының орны бөлек екенін жеткізді. Ал дін істері басқармасы дін мәселелерін зерттеу орталығының оналту және киберқадағалау жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің аға маманы, теолог Бақтияр Оспанов өз сөзінде қазіргі жастар арасында дін саласындағы ақпараттық қауіпсіздік пен оналту шараларының маңыздылығына тоқталып, заманауи сананы қалыптастырудағы әкенің рөлі мен отбасы тәрбиесінің әсерін ерекше атап өтті.

Жиын барысында қатысушылар ұсыныс-пікірлерін айтып, әкелер қозғалысын дамыту, тәрбиелік бағыттағы жобаларды жүйелі түрде іске асыру, сондай-ақ жас отбасылармен жұмысты күшейту мәселелері кеңінен талқыланды.

Форумда отбасылық тәрбие мен қоғамдық келісімді нығайту жолында үлес қосып жүрген азаматтар марапатталды.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Аудан жаңалықтары

РЕЙДТІК ШАРАЛАР КҮШЕЙТІЛДІ

Қала әкімдігі жанынан құрылған жұмысшы топ белгіленбеген орындарға қоқыс төгу, қаланың сәулеттік келбетіне зиян келтіру және жалпы эстетикалық талаптардың сақталмауын қадағалау үшін рейдтік шараларды жалғастыруда.

Кезекті бақылау барысында бірқатар заңбұзушылық анықталды. Жұмысшы топ алдымен қаладағы жеке сектор аумағын шолып, «Жаңа базар» маңы мен Қорқыт ата көшесін тексерді. Тазалық сақтамаған тұрғындарға ескертулер беріліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕГІН ТЫҢДАДЫ

Аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев кезекті жеке қабылдау өткізіп, тұрғындардың өтініш-тілектерін тыңдады.

Қабылдауға келген азаматтардың басым бөлігі тұрақты жұмысқа орналасу туралы өтінішін жеткізсе, кейбірі тұрғын үй және жер мәселелері бойынша жүгінді. Аудан әкімі келушілердің мәселелеріне жеке тоқталып, тұрақты жұмыс сұрап келген азаматтарға кәсіпкерлік нысандар мен мекемелерден түскен сұраныс бойынша бос жұмыс орындарын ұсынды. Тұрғын үй және жер алу мәселесімен келген адамдарға жауапты мамандар түсініктеме беріп, заңдылыққа сәйкес нұсқаулықтар айтылды.

БІРЛІК ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ ТІРЕГІ

Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың қатысуымен аудан әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның «Қоғам. Отбасы. Әйел» атты шарасы өтті.

Шарада аудан әкімі жиында қатысушыларды алдағы Тәуелсіздік күнімен құттықтап, аудан көлемінде нәзік жандылардың қатысуымен жүзеге асып жатқан игі жұмыстарға, әйелдердің қоғамдағы рөліне тоқталды. Ауданның қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласып жүрген әйел-аналарға облыс әкімінің, облыс әкімі орынбасарының және аудан әкімінің Алғыс хаттары, ауданның Құрмет грамотасы табысталды.

ЖАҢА ПРОКУРОР ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Аудан әкімі Жандос Еркінбектің төрағалығымен өткен жиында кадрлық өзгерістер таныстырылды.

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының бұйрығына сәйкес Кармакшы ауданының прокуроры лауазымына Нұрбек Қаратаев тағайындалды.

Актив отырысында аудан басшылығы Н.Қаратаевты жаңа қызметімен құттықтап, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бағытындағы маңызды міндетіне сәттілік тіледі.

ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТОРЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов шетелдік Yuan Rui Da корпорациясының басшылық құрамымен кездесті.

Кездесу барысында компания өкілдері 100 миллион АҚШ долларын құрайтын инвестициялық жобаларын таныстырып, Жалағаш ауданы аумағында жүзеге асыру мүмкіндіктерін талқылады. Инвесторлар майнинг саласы мен электронды жабдықтар өндірісі бойынша жобаларды жүзеге асыруға мүдделі екенін білдірді. Сонымен қатар, жоба аясында жаңа өндіріс орындарын ашу арқылы жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамту көзделіп отыр.

ТАТУЛЫҚ ПЕН ДОСТЫҚТЫҢ МЕКЕНІ

Аудан әкімі Берік Сәрменбаевтың қатысуымен Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында форум өтті. Оған облыстық «Қоғамдық келісім» мекемесінің басшысы Бақытжан Камалов, облыстық мәслихат депутаты Жұмабек Ембергенов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұса Келдібаев, зиялы қауым және этнос өкілдері қатысты.

Форумда аудан басшысы татулық пен достықтың сақталуына үлес қосып жүрген этнос өкілдерін Алғыс хатпен марапаттады. Өз кезегінде олар қиын-қыстау кезеңде дарқан пейіл танытып, қамқорлық көрсеткен қазақ халқына алғыстарын жеткізді.

ӘДЕБИ-ТАНЫМДЫҚ КЕШ

«Рухани өрлеу» шығармашылық орталығының ұйымдастыруымен ел тарихын тереңнен таныту, ұлт зиялыларының мұрасын дәріптеу және жастардың рухани танымын кеңейту мақсатында Алаш арысы Міржақып Дулатовтың 140 жылдығына арналған әдеби-танымдық кеш өтті.

Шара барысында орталықтың шығармашыл жастары Міржақып Дулатовтың ақындық мұрасынан өлеңдер, публицистикалық еңбектерінен үзінділер оқыды. Сондай-ақ ақын сөзіне жазылған әндер орындалып, көрермендерге рухани әсер сыйлады.

«ТӘУЕЛСІЗДІК – ТҰҒЫРЫМ»

«Руханият орталығында» 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік – тұғырым» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Жиынға аудан әкімінің орынбасары Бектас Нуридинов, аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Әбілғазы Төлегенов, Желтоқсан оқиғасының қатысушылары, зиялы қауым өкілдері, ардагерлер мен жастар қатысты.

Кездесу барысында желтоқсаншыларға аудан әкімінің атынан Құттықтау хат табысталып, сый-құрмет көрсетілді.

Дайындаған
Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»



/// БРИФИНГ

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҮЛЕКТЕРІМЕН МЫҒЫМ

Тәуелсіздік алған тұста өмірге келген ұл-қыздар бүгінде әр салада еңбек етіп, жетістікке жетіп жүр. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингке облыстық перинаталдық орталықтың акушер-гинеколог дәрігері Бағжан Алтыбасова, Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектептің математика пәнінің мұғалімі Асылхан Тоқмұрзаев және төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғаныс басқармасының аға офицері, майор Ғафур Ақмырзаев қатысып, еңбек жолы туралы айтып берді.

Асылхан Тоқмұрзаев Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде білім алған. Қазір ол Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектепте математика пәні мұғалімі. Білікті ұстаздың шәкірттері де қалалық, облыстық және республикалық деңгейде өткен сайыстарда жетістікке жетіп келеді. Атап айтқанда, жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсы, «Алтын түлек» республикалық математикалық олимпиадасы, «Менің Отаным – менің бастамам» республикалық шығармашылық жобалар байқауы және мамандандырылған олимпиадада топ жарды. Сондай-ақ оқушылары Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті мен Қызылорда ашық университетінің білім гранты иегері атанды. Өзі де кәсіби дамудан шет қалмай, республикалық педагогикалық идеялар фестивалі және «Педагогикалық идеялар панорамасы» байқауында үздіктер қатарынан көрінді.

– Бұл – тәуелсіз ел ұстазының үнемі ізденісте болуы керектігінің дәлелі. Тәуелсіздік бізге таңдау еркіндігін берді. Ал сол еркіндікті біліммен, адал еңбекпен, нақты нәтижемен дәлелдеу – біздің ортақ міндетіміз. Бүгінгі шәкірт – ертеңгі ел тірегі. Сондықтан әр жетістік – баланың емес, еліміздің жеңісі, – дейді ол.

Ал облыстық төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғаныс басқармасының аға офицері, майор Ғафур Ақмырзаев Алматы мемлекеттік энергетика және электрондық технологиялар колледжінен техник-электрик біліктілігін

алған. Кейін Көкшетау техникалық институтына оқуға түсіп, тәжірибе алмасу бағдарламасы бойынша Беларусь Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Азаматтық қорғаныс университетіне ауысып, институтты ойдағыдай тәмамдады.

– 2023 жылы Беларусь Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Азаматтық қорғау университетінде «Төтенше жағдайларды жою және азаматтық қорғаныс» мамандығы бойынша магистр академиялық дәрежесін алдым. Оқуда түрлі мәдени-қоғамдық шараларға белсене қатыстым. Жоғары оқу орындары арасындағы ұлттық-мәдени фестивальдерге, Минскіде өткен «Қазақстан мәдениеті күндері» шарасына да атсалыстым. Нәтижесінде оқу орны басшылығы атынан бірнеше рет Алғыс хатпен, «Беларусь Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің командалық-инженерлік институтына 80 жыл» мерекелік төсбелгісімен марапатталдым, – дейді ол.

Ізденімпаз жас белгілі режиссер Ахан Сатаевтың Беларусьте түсірілген «Анаға апарар жол» фильмінің қосымша бөлімінде Ұлы Отан соғысының солдатты ролін сомдаған. Ғафур университетті бітіргеннен кейін облыстық төтенше жағдайлар департаменті төтенше жағдайларды жою бөлімінің аға инженері болып тағайындалды.

– Тәуелсіздіктің арқасында еліміз тыныш, береке-бірлікте өмір сүруде. Біз Тәуелсіздікті жариялағалы айтарлықтай жетістіктерге жеттік. Бүгінгі бейбіт, шуақты күндерімізді бағалай



отырып, жаңа белестерді бағындыруға ұмтылу ұрпақтың басты мақсаты болуы керек. Мен де өз мамандығым бойынша ел қауіпсіздігін сақтау жолында аянбай еңбек етемін, – дейді ол.

Бағжан Алтыбасова акушер-гинеколог дәрігер және облыстың штаттан тыс бас репродуктологі. Ол 2008 жылы Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетіне оқуға түсіп, 2013 жылы жалпы медицина факультетін тәмамдаған. 2015 жылы акушерия және гинекология мамандығы бойынша интернатураны, одан кейін «Акушерия және гинекология, соның ішінде балалар гинекология» мамандығы бойынша резидентураны аяқтады. Қазір облыстық перинаталдық орталықта қызмет етеді. Осы жылдар ішінде әйелдердің репродуктивті денсаулығын сақтау, ана мен бала өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында үздіксіз еңбек етуде.

– Тәуелсіздік жылдарында еліміздің денсаулық сақтау саласы айтарлықтай дамып, ана мен балаға көрсетілетін медициналық көмектің сапасы жана деңгейге көтерілді. Заманауи медициналық технологиялардың енгізілуі, біліктілікті арттыру мүмкіндіктері мен тәжірибе алмасу жүйесі күрделі жағдайларда да тиімді медициналық көмек көрсетуге жол ашты.

Осындай мүмкіндіктің арқасында кәсіби тұрғыда дамып, халық денсаулығына қызмет ету – мен үшін үлкен мақтаныш әрі жауапкершілік. Алдағы уақытта да өз мамандығымға адал болып, медицина саласының дамуына, ана мен бала денсаулығын нығайтуға өз үлесімді қоса беруді басты мақсат санаймын, – дейді ол.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»



ИНКЛЮЗИВТІ ТЕАТР: ӨНЕРГЕ ӘРКІМНІҢ ДЕ БАР ТАЛАСЫ

Қызылорда қаласында ерекше театр бар. Ерекшелігі, онда өнері өрге сүйреген өмірге ғашық жандар еңбек етеді. «Арман» инклюзивті театрының мақсаты – олардың сахнаға қызығушылығын арттырып, шығармашылығын қолдау, халыққа кеңінен насихаттау. 2022 жылы үйірге болып ашылып, 2023 жылы облыс әкімдігінің қолдауымен Тасбөгет кентіндегі Сәбира Майқанова атындағы мәдениет үйі жанынан инклюзивті театр болып қайта құрылған шығармашылық ұжымның жұмысымен біз де танысып қайттық.

Театр құру ісінің басында Талғат Телеебаев пен Бақытжан Қадіров тұрғанын айтуға тиіспіз. Идея 2018 жылы еріктілердің көмегімен қайырымдылық концертін ұйымдастыру барысында туындаған.

– Концерте Гогольдің классикаға айналған «Ревизор» спектаклінен үзінді орындалды. Сол кезде тағдырлас жандардың арасында небір өңірлері көп екеніне көзіміз жетіп, олардың басын қосып театр ашу туралы ой келді. Мүмкіндігі шектеулі қаншама адам үйде қамалып отырғанда қоғаммен араласқанын қаладық. Жергілікті

әкімдікке жоспарымызды ұсындық, ол үшін алдымен қоғамдық қор ашу керек екен. Сөйтіп жүргенде карантин жарияланып, бастамамыз үзіліп қалды. 2023 жылы жобамызды облыс әкімі қолдап, театрдың шымылдығы «Қолымнан ұста» атты спектакльмен ашылды. Көрермен мұны ыстық ықыласпен қабылдады, – дейді театр жетекшілерінің бірі Бақытжан Қадіров.

Өнер тобының құрамында 8 адам бар. Соның бірі – Сая Абашова.

– Өзім бала күнінен түрлі байқауларға қатысып, сахнада көрініп

жүрмін. Бойымда өнерім барын байқаған Бақытжан аға мені осы жұмысқа шақырды. Келгеннен кейін «Көршілер» спектаклінде басты ролді сомдадым. Ең алғашқы ролім болғандықтан маған сол образ қатты сіңіп қалды. Содан кейін мен үшін егде жастағы әйелдердің ролін сомдау қиын болмай қалды. Өзіме спектакльге дайындық, яғни шығармашылық процесс ұнайды. Режиссер де, декоратор да жұмысты біздің жағдайымызға қарай ұйымдастырады. Өткен жылы «Арман» инклюзивті театры ең үздік әлеуметтік жоба ретінде танылды. Ал театр өкілдері жекелеген өнер додаларында топ жарып жүрміз, – дейді ол.

Кейіпкеріміз театрдағы жауапкершілігі мол жұмыстан бөлек үлкен теңесті де қатар алып жүр. Жуырда ғана Қазақстан чемпионаты мен кубогында үшінші орын иеленіп, мүмкіндігі шектеусіз екенін тағы дәлелдеді.

Театр құрамында кәсіби актер, ак-

трисалар да еңбек етеді. Мүгедектігі бар жандар олардан көп нәрсені үйренді. Ал қазіргі күні өздері де облыс орталығындағы университеттердің бірінде өнер бағытындағы мамандық бойынша білім алуда.

Бақытжан Қадіров әңгіме барысында кейбір мәселелерді алға тартты. – Бізде штат жетіспейді. Көлемді қойылымдарды сахналағымыз келеді, маман тапшы болғандықтан сырттан актерлер шақыруға тура келеді. Өйтпесе, өз арамызда еңбек етуге қабілетті жастар көп. Штат жетіспеушілігіне байланысты режиссерді гонорарға жалаймыз. Спектакль таңдағанда өзін кітапханаларға барып, түнге дейін кітап ақтарам. Өйткені біреу арбада, екіншісі ұзақ түрегеліп тұра алмайды. Сондықтан денсаулық жағдайына қарай таңдауға тиіспіз, – дейді театр жетекшісі.

Ресім түрде ашылғалы бері театр өнерпаздары «Көршілер», «Қуырдақ дайын», «Әкемнің шалғысы», «Әпке»

сияқты қойылымдарды сахналады. Ал жуырда Қалтай Мұхамеджановтың «Осылай да кездесу болады...» атты спектаклін көрермен назарына ұсынды. Оны бүгінде режиссерлік қырымен танылып жүрген Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрының актері Батырхан Амангелдиев сахналады. – Кәсіби актер болған соң біз кәсіби атаулар мен терминдерге үйренгенбіз. Ал инклюзивті театрда әріптестерімізге бәрін жалпақ тілмен түсіндіруге тура келеді. Осы жағынан қиындық болғанын жасырмаймын. Бұл келертілерден ақырындап өтіп келемін. Өмірдегі сияқты мұнда да бәрі өзін күткендей бола бермейді. Жоспарын жұмыс процесіне қарай өзгереді. Дегенмен, олардың тапшынысы мен қайсарлығының арқасында адымдап келеміз, – дейді ол.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

Мәскеу қаласы, Поезбен ұзақ жол, Алматы мен арасы. Ал ұшақпен тым қысқа, Үш сағат жол шамасы. Сызге барды Шаханов, Қазақтың қайсар баласы. Мәскеу. 1990 жыл. СОКП-ның XXVIII съезі.

Жанаша атқан арайы, Қайта құру кезеңі. Иә, сөздер сарайы, Жаңалды сол сарайға, Зиялы қауым талайы.

Жан-жақтан жұрт жиылды, Бас хатшы ашты жиынды. Соңғы сол бір сөзде, Сөз алу мүлде қиын-ды.

Отырған со-на-у өрдегі, Бас хатшыға төрдегі, Шаханов шығып сөйлеуге, Үш минут уақыт бер, – депі.

Бас хатшы сәл-пәл ойланып, Әр нәрсені ойға алып... «Айтағын қандай мәселе?» – деп сұрақты қойды анық.

Бір-ақ жағдай айтарым, Арал жайлы айтамын, – деп шықты Мұқан мінбеге, Біледі өзі не айтарын.

Аралдан басқа айрықша, Жабылған жала бар еді... Жағдайды жайып салуға, Үш минут уақыт тар еді.

Асықпай ашып қарағым, Ақтарсаң тарих парағын... «Ұлттылыққа» балаған, Сол кезде жастар талабын.

Алматы. 1986 жыл. 16-17 желтоқсан. Орталық алаң.

Бейбіт халық ояңған, Бостандыққа бой алған... Озырлар оған қарамай, Алаңдар қанға боялған...

Ойланбай ОК тапты ойды, Бұйрық беріп, лап қойды... Жастарыма жазықсыз, «Ұлтшыл» деген ат қойды...

Жастарды сүйреп, сабаған, Кім мұндайды қалаған?! Жат жерден келген жеңдетпен, Қосылып иттер талаған...

Азаптап торға қамаған, Асырған ойын қалаған... Жаралыларды апарып, Таптаған аулақ қаладан...

Қыздарды шаштан сүйреген, Темірмен ұрып, қол сынды... Бас жарылып, тол сынып, Қабырғалар күйреген...

«Бұзақы ел» деп атанып, Жастар «ұлтшыл» аталып, Кеткенде соның бәрін, Ақтап алды Шаханов.

Ашуға сыймай алқымы, «Желтоқсан-86»-ны, Ақтап алды азамат, Сол үш минут арқылы.

Тәуелсіздік-эманда, Сол желтоқсан жемісі. Қарсы тұрған қамалға, Жастарымың жеңісі!

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ,
ҚР ІІМ-нің Еңбек және Құрметті ардагері. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

/// ГАЗЕТ ПОШТАСЫНАН

МЕДИЦИНА – ЖҮРЕК ПЕН ЖАННЫҢ МАМАНДЫҒЫ

Тұмаудың күшейген шағында ел ішін алаңдаушылық билегені рас. Ауылда да сырқаттанғандар көбейіп, әр шаңырақта қиындық сезілді. Осындай сәтте ақ халатты абзал жандардың жанкешті еңбегі айқын көрінеді. Мен де осы өршіген тұмаудың кесірінен сырқаттанып, Қызылқұм дәрігерлік амбулаториясына жүгінуге тура келді. Расын айтса, сегіз күн бойы сол жерден мейірім мен жауапкершіліктің нағыз мектебін көрдім.

Ауылдық жерде медицина қызметкері болу – үлкен ерлікпен пара-пар еңбек. Қаладағыдай толық құрал-жабдық, мол мүмкіндік жоқ. Соған қарамастан, Қызылқұм дәрігерлік амбулатория қызметкерлері өздеріне жүктелген міндетті мінсіз атқарып келеді. Әр келушіні жылы жүзбен қарсы алып, қолынан келген бар көмегін көрсетеді. Ең бастысы – дәрігерлігімен бірге адамгершілік қасиеттері де биік.

Айта кетерлігі, бұл дәрігерлік амбулатория негізгі 1965 жылы Қызылқұм совхоз болып құрылғанда ауылдық аурухана болып қаланған. Алпыс жыл бойы талай науқасқа өмір сыйлаған, талай отбасыны қуанышқа бөлеген. Мен білетінде, Қадірбаев

Пазылбек, Жұмахметов Ханафи, Тәуекелов Жанай атты медицина саласының маркастары еңбек етті. Кейінірек Жұматаева Зибә, Омарова Дәмегүл басшылық жасап, ауыл тұрғындарының денсаулығы үшін аянбай қызмет жасады.

Ауылдық аурухана дәрігерлік амбулатория болып, қайта құрылымдалып, 2023 жылы жаңа ғимаратқа көшірілді.

Бүгінгі әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кең әрі заманауи ғимараттың лентасын қып, тұрғындарға табыстаған сәт ауыл жұртшылығы үшін үлкен қуаныш еді. Бүгінде сол жаңа ғимараттың ішінде ауыл тұрғындарының денсаулығы үшін тер төгіп жүрген

абзал жандардың еңбегі тіпті еселене түскендей.

Мен емхана табалдырығын аттаған алғашқы күннен-ақ өзімді қамқорлық ортасына енгендей сезіндім. Медбикелер жағдайымды мұқият тексеріп, қажетті ем-домды дер кезінде тағайындады. Олар уақытылы експесін салып, тыныс ашатын процедуралар жасап, әр күн сайын жағдайымды қадағалап отырды.

Бұл ретте амбулатория меңгерушісі Төлеген Арайлым Қайратқызы біліктілік арттыру курсына жүргеніне қарамастан, ұжым жұмысы жүзінде ұйымдастырылған. Уақытша басшылық аға мейіркеш Рутел Жансаянның жауапкершілігінде, оны абыроймен атқарып отыр. Ұжымды үйлестіріп, күнделікті қызметтің бір сәтке тоқтамауын қамтамасыз етіп жүрген жанға үлкен ризашылық білдіремін.

Аға мейіркештің айтуынша, биыл тұмаудың алдын алу шаралары ерте-терек қолға алынып, ауыл тұрғында-

рының есепте тұрғандары мен зейнеткерлерге жоспарлы түрде тұмауға қарсы вакцина егілген. «Уақытылы жасалған вакцина – аурудың асқынбауына үлкен себеп болды», – дейді ол.

Сондай-ақ тәжірибелі мамандар әлеуметтік мейіркеш Оспанова Света мен моб мейіркеш Нағметүлла Райсаның кәсібилігі мен жылдар бойы қалыптасқан жауапкершілігі әр науқасқа көрсетілген қызметтерінен анық көрінеді. Ал жас мамандар: фельдшер Қалыбай Әліслам, акушер Тастыбай Айдана, егу мейіркештері Ізбасар Назерке мен Сәмбетова Жұлдызай және лаборант Байдос Үлзат сынды ізденімпаз жастар тәнертеннен кешіке дейін дамып таппай, тұрғындарға қалтқысыз қызмет көрсетіп жүр.

Осы тұста айта кететін жайт, Қызылорда медициналық колледжінің 1-курс студенті Махамбет Жанасяла дәл осы ұжымда тәжірибе жинақтауда екен. Осындай абыройлы әрі үлгілі ұжымнан үйреніп, іс жүзінде білігін

шындауы болашақ маман үшін үлкен мектеп, өмірлік сабақ әрі кәсіби жолындағы құнды бастау екеніне күмән жоқ.

Емдеу ісінің көрінбей тұратын, бірақ өте маңызды бір қыры – тазалық пен тәртіп. Бұл бағытта техникалық қызметкерлер Өтеген Ұлбibi, Нұрқожа Табига, Қожахметов Сердалы және Қожақов Серіктің еңбегі ерекше. Мекеменің ішкі-сыртқы тазалығы, жылуы, жайлылығы – олардың күнделікті елеусіз, бірақ бағалы қызметінің нәтижесі.

Олардың ізеттілігі, сабырлылығы, жылы сөзі жанға демеу болды. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген қазақы тәмсілдің өзі осындай жанашыр жандардың еңбегіне қарап айтылғандай.

Қызметкерлердің барлығы – өз ісінің нағыз мамандары. Өсіресе, халыққа жақындығы, ауыл тұрғындарының денсаулығын шынайы ойлауы, алғыс күтпей атқаратын еңбегі – қандай құрметке де лайық. Өзбiр

науқастың жағдайына үңіліп, қолынан келгенін аямайтын мұндай ұжымның болуы – ауыл үшін үлкен олжа.

Қызылқұмның қысы қыр астында тұрған шақта, тұмаудың тырнағына іліккен біз сияқты талай жанға демеу болып жүрген дәрігерлік амбулатория қызметкерлеріне айтар алғысымыз шексіз. Бұл – менің ғана емес, ауыл халқының ортақ ризашылығы деп білемін.

Медицина – жүрек пен жанның мамандығы. Ақ халаттылардың жүгі ауыр, жауапкершілігі орасан. Дегенмен, осы жолды тандаған Қызылқұм дәрігерлік амбулатория қызметкерлері қай сәтте де кәсібилік пен парасаттылықтың үлгісін көрсетіп келеді.

Алғашқы байлық – денсаулық болса, сол денсаулықтың күзетшісі болып жүрген сіздердің орындарыңыз әрқашан биікте болғай.

Сәкен ҚАБЫЛОВ.
Қаукей ауылы, Қазалы ауданы

ҚОРҚЫТ АТА УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ЖАҢА ЗАМАНАУИ КІТАПХАНА АШЫЛДЫ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде заманауи талаптарға сай жабдықталған жаңа кітапхана өз есігін аяқара ашты. Кітапхана №1 оқу ғимаратында орналасқан және университеттің білім беру инфрақұрылымын жаңғыртудағы маңызды қадам болып табылады.

— Қай заманда да кітап құндылығы ерекше. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Бүгінгі заманда кітапсыз, сондай-ақ кітапханасыз адамның ойдағыдай дамуы мүмкін емес. Бүкіл әлемдегі кітапханалар — білім мен мәдениеттің ошағы, жаңа ойлар мен тың пікірлердің мекені. Электронды форматтың қарқынды дамып жатқанына қарамастан дәстүрлі кітапхананың ағартушылық рөлі ешқашан мәнін жоғалтпайды» деген болатын.

Сыр өңірінің басты білім ордасы студенттері мен оқытушыларының ғылыми-зерттеу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған заманауи оқу-ағарту орталығы саналатын кітапханада электронды кітаптар да қолжетімді. Университеттің ғылыми кітапханасы AlemBook электронды кітапханасымен 5 жылға келісімшарт жасасты. Осының арқасында студенттер кез келген уақытта интернет арқылы AlemBook электронды кітапханасының оқу-әдістемелік құралдарын тегін пайдалана алады.

Кітапхананың тұсаукесер рәсмінде сондай-ақ ғылыми жобамен айналысып жүрген жас ғалымдарға гранттар табысты. Биыл гранттың жалпы сомасы 30 миллион теңгеге артып, 20 жоба жеңімпаз атанды.

Байқау университет бойынша 27 жоба ұсынылып, оның ішінде 20 жас ғалымның жобасы үздік деп танылды. Конкурс талабына сәйкес, 40 жасқа

дейінгі ғалымдар мен 1-2 курс докторанттары зерттеу жұмыстарын ұсынды.

Бұл жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстары мен инновациялық жобаларын қолдауға бағытталған. Сонымен қатар, университеттің ғылыми әлеуетін арттырып, өңірлік және республикалық деңгейде жаңашыл зерттеулерді жүзеге асыруға мүмкіндік.

Университетте 40 жасқа дейінгі жас ғалымдарға 2021 жылдан бастап ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін арнайы грант бөлініп келеді. Бүгінге дейін 53 жобаға жалпы көлемі 80 млн теңге қаржылай қолдау көрсетілді.

Сонымен қатар, оқу орнында 2021 жылдан бері ғылым бойынша жалпы табыс 8 есеге өсті. Бұдан бөлек, профессор-оқытушылар құрамының индекстелген журналдарда мақала жариялау белсенділігі жыл сайын артып келеді. Нақты айтқанда, 2025 жылы Scopus деректер базасында 83 ғылыми мақала, Web of Science деректер базасында 37 ғылыми мақала жарияланды. Университет ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жариялау үшін 8 ғылыми журнал шығарады.

Айта кетейік, 2021 жылы — 4, 2022 жылы — 6, 2023 жылы — 8, 2024 жылы — 15 жоба авторы университеттің гранты иеленді. Жас ғалымдарға арналған конкурс дәстүрлі түрде 4 жылдан бері жалғасын тауып келеді.


**Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің медиа
орталығы**

/// ӨНЕРДІҢ ӨЗ ӨКІЛІ

ӨНЕРГЕ ҚҰШТАР АЗАМАТ



Жақында Қармақшы ауданында «Киелі мекен — Қармақшым» атты облыстық сазгерлер мен ақындар конкурсы өтті. Оған өңірдегі белгілі өнерпаздар қатысып, бақ сынасты. Байқауда жаңақорғандық өнер иесі Уәлихан Ибрагимов жүлделі II орынды жеңіп алып, мерейі үстем болды. Ол Айнұр Әлімбаеваның сөзіне жазылған «Қармақшы өлім» әнін орындады.



Қармақшы Елім
Сөзі: Айнұр Әлімбаев
Әні: Уәлихан Ибрагимов
Ноғата түсірген: Құралай Әліева

Аққайнардың көуершіндай
Жырағ тұнған бұлағы,
Қобыз үнімен есіп тұрған,
Жылжып аққан Сыр әні.
Қайырмасы:
Гүл жайнаған, аяқ қайнаған.
Айналым, Қармақшы Елім.
Арайланған, талайға арман
Жасай бер, туған жерім,
Жасай бер туған, туған елім Қармақшым!

Ол 1963 жылы Жаңақорған ауданы «Бірлік» ауылында дүниеге келген. 1984 жылы Бірлік халық театрына қабылданып, халық әндерін, көне музыкалық атаулар мен жергілікті сазгерлердің шығармаларын ел арасында кенінен насихаттады. Өнге деген құштарлығының арқасында елдің ыстық ықыласына бөленді. Сол уақытта талантты жастарды жанына жинап, «Гүлдәурен» вокалды-аспапты ансамблін құрып, жетекшілік етті. Қазіргі таңда ауданда халық ақыны М.Көкенов атындағы шығармашылық ұжымның жетекші маманы.

Өнерге ерте араласқан ол бертін келе білімін одан әрі жетілдіру үшін Түркістан қаласындағы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін «Музыкалық білім» мамандығы бойынша бітірді. Сондай-ақ театр сахнасында талай өнер көрсетіп, түрлі кейіпкерлерді сомдады. Режиссер-драматург Әмір Мажитовтің жетекшілігімен «Қыз жиырмаға толғанда», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қуырдақ дайын» сынды көптеген спектакльде басты рөлдерді сомдады. Түрлі образдарды ашып, жан-жақтылығымен ерекшеленді.

«Жігітке жеті өнер де аз» деп Уәлиханға айтылғандай, ол сазгерлік қырымен де танылды. Белгілі ақын А.Сопыбековтың туған жер, ана тақырыбындағы өлеңдеріне ән жазып, халық жүрегіне жол тапты. Түрлі облыстық, республикалық байқауларда топ жарды. Республикалық сазгерлер сайысында жеңіске жетті. Кезінде Бүкілодақтық және республикалық байқаулардың лауреаты атанды. 1985 жылы Желістің 40 жылдығына арналған өнерпаздар байқауында лауреат, 1986 жылы «Театр көктемі» телефестивалінде «Бір үзім нан» қойылымында Ұлықбек рөлін әсерлі орындағаны үшін халықаралық

деңгейдегі марапатқа ие болды. 1988 жылы Бүкілодақтық театр байқауының I дәрежелі лауреаты, «Құз әуендері» байқауында «Үздік дауылпазшы», «Рауан» фестивалінің лауреаты сынды талай белесті бағындырды. 2005 жылы да республикалық байқауларға қатысып, алдыңғы орынды иеленсе, «Ән қанатында» додасында «Экспресс» тобымен бірге бас жүлдені олжалады. Сондай-ақ 2017 жылы «Жаңақорған — жәннатым» әні арқылы республикалық сазгерлер байқауында бас жүлдені жеңіп алып, белгілі композитор Кенес Дүйсекевтің он бағасын алды. «Ұлы Ғаззауат» және «Иссамеддин» қойылымындағы рөлі үшін де Алғыс хатпен марапатталды.

Ол өнер саласында елеулі өнер етіп, өзінен кейінгі жастарға үлгі, ұстаз болды. Өнер жанашыры ретінде талай марапатқа ұсынылды. Атап айтар болсақ, «Ерен еңбегі үшін», «Тәуелсіздікке қосқан үлесі» және «Өнерге қосқан үлесі үшін» медалін кеудесіне тақты. Сонымен қатар «Астанаға 20 жыл» медалін, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісін иеленді.

Ұлы Абайдың «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар, қалаң!» деген өсиетіне сай еңбек етіп жүрген азамат талай жалындаған жастың осы жолда жетістікке жетуіне де ықпал етті. Оның өмірге інкәрлігі, өнерге құштарлығы төңірегіне нұр шашып, әрдайым ортасын толтырып жүреді.

**Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»**

ЕСЕЛІ ЕҢБЕККЕ ЛАЙЫҚТЫ ҚҰРМЕТ

«Петро Қазақстан Күмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамы ұзақ жылдар бойы мекемеде еңбек еткен бірқатар қызметкерлерін құрметті еңбек демалысына салтанатты түрде шығарып салды. Бұл шара облыс орталығындағы «Петро Қазақстан» спорт кешенінде болды.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан бастап аймақта мұнай өндіру ісі кеңінен қанат жайды. Сол кезеңде уақытпен санаспай жұмыс жасап, саланың дамуына өлшеусіз үлес қосқан азаматтардың еселі еңбегі қашанда жоғары бағалауға тұрарлық. Сондықтан компания тарапынан олардың мерейтойы әрдайым ескеріліп, лайықты құрмет көрсету ұмыт қалған емес. Осыған байланысты биыл акционерлік қоғам басшылығы кезінде сала бойынша жемісті еңбек еткен 60-80 жас аралығындағы мерейтой иелерін марапаттауға мән берді. Бүгінде компания ардагерлерінің саны 298 аламыз жетті.

— Халқымызда «Үлкенге — құрмет, кішіге — ізет» деген сөз бар. Акционерлік қоғамның қалыптасуы мен дамуы кезеңінде кен орындарының жұмысын жүйелеу бойынша алдыңғы толқын тәжірибесі мен шеберлігінің арқасында ауқымды істер атқарды. Әрбірі қажырлы еңбектің айқын үлгісін көрсетті. Ұрпақтар сабақтастығы өз деңгейінде жалғасын тапты. Бұл компанияның өңірдегі жетекші кәсіпорының біріне айналуына зор септігін тигізді. Адал еңбекпен көпке үлгі бола білген жандар осылайша жас ұрпаққа өнегелі ісімен танылды. Сіздерге үлкен алғыс айтамыз, — деді «Петро Қазақстан Күмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамының бас инженері Жұмабек Қонысбаев.

Салтанатты рәсім барысында биыл сексен жасты толтырған Өміртай Батырбеков, жетпіс жасқа келген Бақытбек Демеев, Күлпаш Каленова, Ұлбазар Қалыбаева, Хамза Қасанов, Гүлзаза Құрманбаева, Өмірзақ Мархабаев, Әліпбай Шәменов, Берік Шонановтарға лайықты сый-сияпат көрсетілді.

Сондай-ақ компанияда жақында 34 қызметкер құрметті еңбек демалысына шыққан еді. Атаулы күнде кезінде



міндетін абыройлы атқарып, еселі еңбегі еленген азаматтар түрлі марапаттарға ие болды. Атап айтқанда, бұл салаға 30-40 жылдан астам өмірін арнаған Қазизхан Жамиев пен Тымарқұл Әбеноваға, Нұрлыбек Жанәлиевке, Рая Алтаеваға, Баян Жанұзақоваға ҚР Энергетика министрлігінің «Еңбек ардагері» медалі табысталса, Патима Ағымбаева, Құрманалы Әлсейітов, Ғазиз Бейсенов, Жәніс Жүсіпов, Алмас Сәрсенбаев, Қазыбек Сәдуақасов, Сәбит Үсенов ҚР Энергетика министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Келесі кезекте «Петро Қазақстан Күмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамы басқарма төрағасының орынбасары Бақытқұл Есіркепова биыл зейнет демалысына шыққан алдыңғы толқын өкілдеріне жылы лебізін білдіріп, оларға лайықты деңгейде сый-сияпат көрсетті. Компания басшылығының Алғыс хатымен Шахархан Әлменов, Жарылқасын Бисеков, Аманбек Жүнісов, Айгүл Есімова, Дәурен Еспанов, Бақытқұл Жұмашева, Ботагөз Игібаева, Бақытбек

Ысқақов, Гүлнәр Ысқақова, Азамат Кірекесов, Ғабит Мадияров, Мұқан Омаров, Әлішер Өкенобаев, Тілеуберген Шаутай, Мамай Шүкір секілді азаматтар марапатталды.

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, компанияның ардагерлер ұйымының төрайымы Қыдырқұл Жабағиева мұнай өндіру саласында жемісті еңбек еткен аға буын өкілдерінің жұмысын жоғары бағалап, жүрекжарды тілектестігін білдірді.

Салтанатты рәсімде компанияның кәсіподақ комитетінің төрайымы Бақыт Мұқашева ардагерлерге игі тілегін айтты. Оларға кәсіподақ атынан «Петро Қазақстанның еңбек ардагері» төсбелгісін табыс етті. Мұндай марапатқа ие болғандар қатарында Аманбек Жүнісов, Айгүл Есімова, Ерлан Тәжәлиев және өзге де кісілер бар.

— Менің еңбек жолым 45 жылды құрайды. Соның ішінде жиырма жылдан астам уақыт бойы «Петро Қазақстан Күмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамында өтті. Компанияның өрттен қорғау

саласында кез келген төтенше жағдайдың алдын алу бағытында уақытпен санаспай еңбек еттік. Біздің қызметіміз әрдайым қырағылықты қажет ететіндігі белгілі. Сондықтан мен әріптестеріммен бірге сол жолда жұмыла жұмыс жасай білдік деп ойлаймын. Ол үшін әрбір нысанды жіті қадағалап, олардың өртке қауіпсіздігін ұдайы назарда ұстадық. Бұл еңбегіміз өз жемісін берді. Құрметті еңбек демалысына үлкен абыроймен шығып, бүгінде ізімді басқан жас буынға ағалық ақыл-кеңесімді айтудан жалыққан емеспіз. Тәжірибе үнемі ізденуден, шыңдалудан келеді емес пе? Жастар ешқашан қиындықтан қашпау керек деген ақыл айтамын. Компания тарапынан көрсетіліп жатқан құрметке ризашылығымыз білдіріміз келеді. Арнайы марапат жасап, сый-құрмет көрсетті. Бұл біздің мерейімізді өсіреді, — деді еңбек ардагері Бақытбек Демеев.

Компанияда қырық жылға жуық қызмет еткен Тымарқұл Әбенова биыл құрметті еңбек демалысына шықты. Ол кісі 1986 жылы политехникалық институтты бітіргеннен кейін арнайы жолдамамен Маңғыстау облысына жол тартқан екен.

— Сол кезеңде Қызылордада мұнай кезі табылып, мамандар тапшылығы байқалып отырғанын естідім. Кейіннен 1988 жылы еңбек жолымды Сыр өңірінде жалғастырудың сәті түсті. Токсаныншы жылдарда өңірде қаншама мұнай көзін бұрғылау жұмысы жүргізіліп, одан «қара алтын» өндіруге қол жетті. Алғашқы кезеңде еліміздің мұнай өндіретін өзге өңірлерінен келген тәжірибелі мамандардың еңбегі зор болды. Осылайша ҚКМӨЛдегі жерасты қазба байлығына түрен салынып, жергілікті халықтың мол ырыс-несібіне айналды. Қазір қаншама қиындық артта қалды. Расын айтсақ, ол кезеңде жол жағдайының өзі сын көтермейтін. Бүгінде қаншама жағдай жасалып, вахталық кешендер бой көтерді, — деді Т. Әбенова.

Шараның соңында компания ардагерлеріне дәстүр бойынша азық-түлік таратылды.

**Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»**

www.facebook.com/syrboy.kz/

Меншік иесі
СЫР
МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі — тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары — 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы — 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат — 40-11-10 (1039, 1040)
экономика — 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат — 40-11-10 (1034)
жарнама — 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап — 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар — 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

<https://twitter.com/syrboyi>

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.